

Респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 503 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 29 шілдедегі № 571 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.07.2025 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 127-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.01.2024 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 24 тамыздағы
№ 503 қаулысымен
бекітілген

Респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) есепті қаржы жылындағы респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Тұсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының атқарылуы туралы есептердің, елдің стратегиялық даму бағыттарымен өзара байланысты бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін бюджеттік мониторингтеу және

талдау нәтижелерінің деректері, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің деректері есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 926 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

3. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп есепті қаржы жылындағы жүргізілген республикалық бюджеттің тұсімдері және шығыстарын қаржыландыру жөніндегі барлық операцияларды көрсетеді.

Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп бекітілген, нақтыланған, түзетілген бюджеттердің көрсеткіштерін көрсетеді.

Түзетілген бюджет Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және өзге нормативтік құқықтық актілер негізінде бекітілген (нақтыланған) республикалық бюджет көрсеткіштерінің өзгеруін ескереді.

Есепті қаржы жылындағы бюджет тұсімдерінің атқарылу және (немесе) республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша төленген міндеттемелер сомасының ауытқуы, пайыздық қатынасы түзетілген бюджетке есептеледі және тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепте және республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есепте көрсетіледі.

4. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

5. Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қалыптастыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде айқындалған бюджет құрылымы бойынша кассалық негізде, мың теңгемен жүзеге асырылады.

2-тарау. Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау тәртібі

6. Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

1) түсіндірме жазбадан;

2) тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептен;

3) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есептен;

4) мыналарды:

бухгалтерлік балансты;

қаржылық қызмет нәтижелері туралы есепті;

ақша қозғалысы туралы есепті (тікелей әдіс);

таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепті;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны қамтитын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктен тұрады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 29.12.2017 № 926 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2.1-параграф. Түсіндірме жазбаны жасау тәртібі

7. Есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке түсіндірме жазбада экономикалық жағдай, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында айқындалған мақсаттарға қол жеткізу және басымдықтардың іске асырылуы, тиісті кезеңге арналған республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған елдегі салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы, мемлекеттік бағдарламалардың, саланы/аяны дамыту тұжырымдамасының, ұлттық жобалардың іске асырылуы және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң баптарының орындалуы туралы талдамалық ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 18.03.2022 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2.2-параграф. Тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау тәртібі

8. Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп республикалық бюджет туралы заңға қосымшаларға сәйкес республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіреді.

Есеп тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес жасалады және мыналар:

есепті қаржы жылына арналып бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджеттің сомасы;

есепті қаржы жылына қабылданған міндеттемелердің сомасы;

есепті қаржы жылында төленбеген міндеттемелердің сомасы;

есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет түсімдерінің және (немесе) төленген міндеттемелердің атқарылу сомасы;

есепті қаржы жылындағы бюджет түсімдерінің атқарылу және (немесе) республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша төленген міндеттемелер сомасының есепті қаржы жылындағы түзетілген республикалық бюджеттің сомасынан ауытқуы;

есепті қаржы жылындағы бюджет түсімдерінің атқарылу және (немесе) республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша төленген міндеттемелер сомасының есепті қаржы жылындағы түзетілген республикалық бюджеттің сомаларына пайыздық қатынасы;

бюджеттік сомалардың игерілмеу сомасы көрсетіле отырып, бірыңғай бюджеттік сыныптаманың бюджет түсімдері сыныптамасының кодтары мен бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы бойынша қалыптастырылады.

Бюджет қаражатының үнемделуін, Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервтің, Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің бөлінбекен қалдығын қоспағанда, түзетілген бюджеттің бюджеттік бағдарлама бойынша төленген міндеттемелерден асып кету сомасы, сондай-ақ өткен қаржы жылында бөлінген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген пайдаланылмаған нысаналы даму трансферттерін қайтару сомасы республикалық бюджет қаражатының игерілмеген сомасы болып табылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.02.2021 № 87; 18.03.2022 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2.3-параграф. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы

талдамалық есепті жасау тәртібі

9. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есеп есепті қаржы жылында түзетілген республикалық бюджеттің атқарылуын көрсетеді және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган жүргізген бюджеттік мониторинг нәтижелері мен нәтижелерді бағалауға негізделген республикалық бюджеттік бағдарламалардың түсімдері және оларды іске асыру жөніндегі талдамалық деректерді қамтиды.

Түсімдер бойынша талдамалық есепте мынадай ақпарат қамтылады:

республикалық бюджет кірістері туралы, оның ішінде тұсімдер жоспарының атқарылуына әсер ететін негізгі факторларды және кірістер тұсімдерінің жоспарынан іс жүзіндегі атқарылудың ауытқу себептерін баяндай отырып, салықтық тұсімдердің, салықтық емес тұсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін тұсімдердің, трансфертер тұсімдерінің атқарылуын талдау;

бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін тұсімдер туралы, оның ішінде іс жүзіндегі атқарылудың бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша қаражаттың тусу жоспарынан ауытқуының негізгі факторлары мен себептері.

Республикалық бюджеттің шығыстары бойынша талдамалық есепте мынадай ақпарат қамтылады:

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде шығыстардың ведомстволық сыныптарасы бойынша қалыптастырылатын республикалық бюджеттің шығыстары туралы;

республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары бойынша тапшылықтың (профициттің) іс жүзінде қалыптасқан сомасын түсіндіретін бюджет тапшылығы (профициті) туралы;

қарызға алу және бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды іс жүзінде қамтамасыз ету немесе бюджет профицитін, қарыз қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсау жолымен бюджет профицитін пайдалану нәтижелерін қамтитын бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) туралы.

Республикалық бюджеттің шығыстары туралы талдамалық ақпаратта мыналар қамтылады:

1) мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша:

мемлекеттік органның даму жоспарының стратегиялық мақсаттарын іске асыру және нысаналы индикаторларына қол жеткізу туралы;

бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің қол жеткізілген (қол жеткізілмеген) көрсеткіштерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бюджет қаражаты, бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат;

2) мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша:

қол жеткізілген (жеткізілмеген) көрсеткіштер көрсетіле отырып, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бөлінген қаражаттың игерілуі, бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 18.03.2022 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2.4-параграф. Есепті қаржы жылдындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау тәртібі

Ескерту. 2-тaraу 2.4-параграфпен толықтырылды – КР Үкіметінің 29.12.2017 № 926 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

9-1. Бухгалтерлік баланс қаржы жағдайы, активтер, міндеттемелер және таза активтер/капитал туралы есепті білдіреді.

Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп кірістер, шығыстар және қаржы нәтижесі туралы ақпаратты білдіреді.

Ақша қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс) есепті кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысы: ақша қаражатының түсімдері мен шығарылуы туралы ақпаратты көрсетеді.

Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп таза активтердің/капиталдың өзгеру себептері туралы ақпаратты ашады.

Қаржылық қызмет нәтижелері, ақша қозғалысы (тікелей әдіс), таза активтердің/капиталдың өзгерістері есептердің көрсеткіштері және кірістер мен шығыстардың негізгі баптарын талдау бойынша ашып көрсету 2020 жылдан бастап өткен есепті кезеңнің деректерімен салыстыру арқылы ұсынылады.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке жалпы мәліметтерді және ашып көрсетулерді көрсетеді.

Жалпы мәліметтер қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары мен қолданылатын есептік саясат туралы ақпаратты қамтиды.

Ашып көрсету:

бухгалтерлік баланс баптарының сипаттамасын, сондай-ақ олардың салыстырмалы талдауын;

қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп кірістері мен шығыстарының негізгі баптарын талдауды қамтиды.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

3-taraу. Жылдық есепті ұсыну тәртібі

10. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 6–9-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес есепті қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.02.2023 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын, ағымдағы жылғы 20 сәуірден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне және Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына береді.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламентінде республикалық бюджеттен алғынған нысаналы трансфертер мен бюджеттік кредиттер бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Тиісті мемлекеттік органдар есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің жобасын уақтылы дайындау мақсатында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мәндерді мың теңгемен көрсете отырып, мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай ақпаратты ұсынады:

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы және елдегі салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын іске асыру шенберінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы талдамалық ақпарат;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері;

есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей;

мемлекеттік органның даму жоспарының іске асырылуы туралы есеп;

бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есеп;

республикалық бюджеттің шығыстары туралы талдамалық ақпарат;

тиісті мемлекеттік органның квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қаражат қалдықтарының қалыптасу себептері көрсетілген олар туралы ақпарат;

есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызынан кешіктірмей мемлекеттік бағдарламалардың, саланы/аяны дамыту тұжырымдамасының, ұлттық жобалардың іске асырылуы туралы есептер, сондай-ақ есепті жылы көзделген және олардың іске асырылуына пайдаланылған қаражат, жоспарланған іс-шаралардың орындалу (орындалмау) нәтижелері және себептері, олардың саланың, өнірдің, елдің дамуына ықпалы көрсетілген талдамалық ақпарат.

Мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің талдамалық ақпаратында мынадай ақпарат қамтылады:

стратегиялық мақсаттарды іске асыру және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеу (оларды асыра орындау) себептері түсіндірілген, мемлекеттік органның даму жоспарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу туралы (қаржы жылы ішінде бекітілген мәндермен, нысаналы индикаторлардың көлемдерімен және санымен салыстырғанда өзгерістер болған жағдайда, енгізілген өзгерістердің себептері көрсетіледі);

бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша мемлекеттік органның даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бюджет қаражаты және олардың орындалмау (асыра орындалу) себептері көрсетілген бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің қол жеткізілген (қол жеткізілмеген) көрсеткіштері туралы.

Мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің талдамалық ақпаратында іске асырылатын бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бөлінген қаражаттың игерілуі және оларға қол жеткізбеу (оларды асыра орындау) себептері көрсетілген, қол жеткізілген (қол жеткізілмеген) нәтижелер көрсеткіштері туралы ақпарат қамтылады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік қаражаты бойынша бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жоспарлы және іс жүзінде игерілген сомалар, қаражат игерілмеген жағдайда – игерілмеу себептері көрсетіледі.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган басқа қажетті ақпаратты сұратады және өз құзыреті шегінде қосымша нысандарды белгілейді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2022 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.02.2023 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК